

# Қазақшаға құштар Қайсар қыз

Талантыға нұр жауар

Мен Евгения Вершнякпен «Наурыз аруы -2009» байқауынан таныспын. Қазақтың ұлттық байқауына орыс қызының қатысқандығы мені таңғалдырған еді.

Қазақы үлгідегі костюмі өзіне аса жарасымды Евгения сахнада өзін еркін ұстап қана қоймай, қазақша батыл сөйлейді екен. Қазақтың төл дыбыстарын айтқанда да тілі жатық.

Өзіне берілген сұрақтарға тайсалмай, мүдірмей, кібіртіктемей жауап берген Евгения өнер бөлімінде Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан жатқа үзінді оқып берді. Поэмадағы ана ролін жан-тәнімен беріле ойнаған Евгенияның бойынан осы тұста әртістік қабілет те байқалып қалды. Ана жанындағы әр құбылыс, сезімді өз жүрегінің сүзгісінен өткізген өнерлі қыз кейіпкерінің әлеміне біржола еніп кеткендей.

Таяуда Евгениямен жақынырақ танысудың орайы келіп, оны «Жалынның» оқырмандарына да таныстырғанды жөн көрдік. Евгения Екібастұз медицина колледжінің 2-курс студенті екен. Мейірбике ісі бөлімшесінің бюджеттік тобында

оқитын Евгения біз ойлағандай ауылда, қазақ ортасында өскен қыз емес, қаламыздағы №10 орта мектептің түлегі көрінеді.

-Евгения орыс тобында білім алып жүргенімен, оның қазақ тілінде өтетін іс-шараларға құштарлығы басым,- дейді ұстаздары.- Ол бұған дейін «Тіл - татулық тірегі», «Мемлекеттік тіл - менің тілім» байқауларына, қазақ тілі пәнінен өткен пән олимпиадаларына қатысты.

2008 жыл қорытындысы бойынша медколледж студенттері арасынан «Жыл студенті» деп танылған Евгения қала әкімінің сыйақысына ие болды. Жалпы, қай жерде қызықты шара өтіп жатса, Евгенияның соның бел ортасынан табылатын әдеті. Мәселен, былтырғы жылы салауатты өмірді насихаттау жөнінен қалалық байқау өткенде, Евгения өз колледжін жеңіске жеткізу үшін бар күшін салды. Сөйтіп, медколледж командасы 1-орынға ие болды. Ол жас жүргізушілер конкурсында да жақсы жетістіктер көрсетіп, жаңажылдық ертеңгіліктерде Ақшақар болып өнер көрсетті.



-Евгения әр нәрсеге байыппен, ұқыптылықпен қарайды. «Наурыз аруы» байқауына қатысарда да ол алдымен қазақтың ұлттық киімдерін егжей-тегжейлі зерттеп алды,- дейді мұғалімдер.- Фариза Оңғарсынова, басқа да ақындардың жырларын оқып, байқауға бәйбәтталықпен дайындалды.

Евгения 1-курс студенттеріне

қамқорлық жасаумен де айналысып, үлгерімі төмен студенттерге қол ұшын беруге әзір.

Әңгіме арасында ұстаздардың бірінен «осы Евгенияны өзімізге жұмысқа алып қалу керек» деген жылы лебіз естіп қалдым.



«Өнерліге өріс кен» демей ме қазақ. Евгения сияқты қайсар, алғыр, еңбекқұмар жастар, меніңше, қоғамға қай кезде де қажет.

Ж. ӘБДІКӘРІМ